

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "заң актілеріне", "заң актілерінде", "заң актілерімен" деген сөздер тиисінше "зандарына", "зандарында", "зандарымен" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға байланысты туындастын қатынастарды реттейді.

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олардың қайтыс болды деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алушан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала;

2) бала – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам;

3) бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар – бұл балаларды әлеуметтік қолдауды, әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызметтер көрсету мен материалдық көмек көрсетуді, өмірде қыны ахуалға тап болған балаларды әлеуметтік оңалтуды, мұндай балалар еңбекке қабілетті жасқа жеткенде олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ұйымдар;

- 4) баланы әлеуметтік оңалту – бала жоғалтқан әлеуметтік байланыстар мен функцияларды қалпына келтіру, тұрмыс-тіршілікті қамтамасыз ету ортасын толықтыру, оған қамқорлық жасауды қүшешу жөніндегі іс-шаралар;
- 5) баланың әлеуметтік бейімделуі – өмірде қыын ахуалға тап болған баланың қоғамдағы құндылықтарды, мінез-құлық қағидалары мен нормаларын игеру және қабылдау арқылы әлеуметтік ортаның жағдайларына белсенді түрде бейімделу процесі, сондай-ақ басынан кешірген психологиялық және (немесе) моральдық зардаптарды еңсеру процесі;
- 6) баланың заңды өкілдері – ата-ана, бала асырап алушылар, қорғаншы, қамқоршы, патронат тәрбиелеуші, баланы қабылдайтын ата-аналар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мұдделерін қорғауды жүзеге асыратын олардың орнындағы басқа да адамдар;
- 7) баланы экономикалық жағынан қанау – бұл бала еңбегінің ең нашар нысандары, оның ішінде кәмелетке толмағандармен сауда жасау, оларды қылмыстық әрекетке немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға, жезекшелікпен айналысуға, порнографиялық суреттер шығаруға немесе кәмелетке толмағандарды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысуға тарту, сондай-ақ жұмысқа қабылдау үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең тәменгі жастан кіші балалардың еңбегі;
- 8) жетім бала – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасы қайтыс болған бала;
- 9) қамқоршылық – он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі балалардың құқығы мен заңды мұдделерін қорғаудың құқықтық нысаны;
- 10) қорғаншылық – он төрт жасқа толмаған балалардың құқығы мен заңды мұдделерін қорғаудың құқықтық нысаны;
- 11) мемлекеттік ең тәменгі әлеуметтік стандарттар – мемлекет белгілеген әлеуметтік қызметтер көрсетудің, нормалар мен нормативтердің ең тәменгі көлемін қамтитын, балалар өмірінің сапасын қамтамасыз ететін негізгі көрсеткіштер;
- 12) мүгедек бала – тіршілік етуінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организмінің функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығына зақым келген он сегіз жасқа дейінгі адам;
- 13) патронат – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы уәкілетті мемлекеттік орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адам (патронат тәрбиелеуші) жасасатын шарт бойынша азаматтардың отбасына тәрбиелеуге берген кездегі тәрбиенің нысаны;
- 14) өмірлік қыын жағдайда жүрген балалар – қалыптасқан мән-жайлардың салдарынан тыныс-тіршілігі бұзылған және осы мән-жайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын балалар; арнаулы білім беру үйимдарындағы, ерекше режимде ұстайтын білім беру үйимдарындағы балалар;

15) Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары жөніндегі уәкіл - Қазақстан Республикасының Президенті тағайындағы, өзіне балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөніндегі функциялар жүктелетін адам.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - ҚР 05.07.2014 № 236-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 501-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қарағыз) Заңдарымен.

2-бап. Осы Заңның қолданылуы

1. Осы Заңның күші Қазақстан Республикасының азаматтарына қолданылады. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын бала, егер Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.

2. Осы Заңның баланың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін нормаларының күші кәмелетке толғанға дейін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық әрекетке қабілеттілігін толық көлемінде алған балаларға қолданылады.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-бап. Қазақстан Республикасының баланың құқықтары туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының баланың құқықтары туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының бала құқықтарын қорғау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттағы оны қолдану үшін Қазақстан Республикасының заңын шығару талап етілетін жағдайларды қоспағанда, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Балалардың тең құқықтылығы

1. Тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мұліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие.

2. Некеден де және некесіз де туған балалар тең әрі жан-жақты қорғауды пайдаланады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Баланың құқықтарын шектеуге тыйым салу

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, баланың құқықтарын шектеуге болмайды.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін қүнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-тарау. БАЛАЛАР МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙТІН МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

6-бап. Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың мақсаттары

1. Қазақстан Республикасының балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясатының мақсаттары :

- 1) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу;
- 2) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру;
- 3) бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен үйымдар құру;
- 4) балалардың дene бітімі, интеллектуалдық, рухани және имандылық түрғысынан дамуына, олардың бойында елжандылық, азаматтық және бейбітшіл сезімдерді тәрбиелеуге, сондай-ақ баланың жеке адами тұлғасының қоғам мүддесі, мемлекет халықтарының дәстүрлері, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерін ашуға жәрдемдесу;
- 5) кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі нысаналы жұмысты қамтамасыз ету болып табылады.

2. Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат мемлекеттік органдар қызметінің басым саласы болып табылады және:

- 1) баланың құқықтарын заң түрғысынан қамтамасыз етуге;
- 2) балаларға толымды тәрбие беруді, олардың құқықтарын қорғауды оларды қоғамда толымды өмір сүргуге дайындауды қамтамасыз ету мақсатында отбасын мемлекеттік қолдауға;
- 3) аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеуге және сақтауға;
- 4) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны, оған зиян келтіргені үшін лауазымды тұлғалардың, азаматтардың жауаптылығына;
- 5) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен өзге де үйымдарды мемлекеттік қолдауға негізделген.

7-бап. Қазақстан Республикасы орталық және жергілікті атқаруышы органдарының мемлекетте баланың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі өкілеттіктері

1. Орталық атқаруышы органдардың баланың құқықтарына кепілдіктерді қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктеріне:

- 1) балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың негіздерін талдап жасау;
- 2) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 3) өз құзыреті шегінде баланың құқықтары мен бостандықтарын реттеу және қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;
- 4) балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең тәменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеу;
- 5) бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының зандарымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен балалар мүдделерінде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;
- 6) баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін орындау және халықаралық ұйымдарда мемлекет мүддесін білдіру;
- 7) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 8) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі)
Заңымен;
- 9) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

2. Алынып тасталды

3. Жергілікті атқаруышы органдардың бала құқықтары кепілдіктерін жүзеге асырудағы өкілеттіктеріне:

- 1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 2) балаларға арналған әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыруға қатысу;

3) баланың құқықтары мен занды мүдделерін қорғау жөніндегі консультацияларды хабарлау мен еткізу, іс-шараларды жүзеге асыру тәртібін белгілеу;

4) тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дene тәрбиесі мен спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасын әлеуметтік қорғау саласында балалар мүдделеріне орай орталық атқарушы органдар айқындаған мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

4-1) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және түрғын үймен қамтамасыз етуді белгіленген тәртіппен жүзеге асыру;

5) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13, (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 № 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

7-1-бап. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл институты

1. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл институтын Қазақстан Республикасының Президенті құрады және ол өз қызметін балалардың құқықтары мен занды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру мақсатында қоғамдық негізде жүзеге асырады.

2. Баланың құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметі:

1) занылышы;

2) тәуелсіздік;

3) балалар үшін қолжетімділік;

4) баланың құқықтары мен занды мүдделерін қорғау басымдығы;

5) объективтілік;

6) жариялылық қағидаттарына негізделеді.

3. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылықта алады.

Ескерту. 2-тaraу 7-1-баппен толықтырылды - ҚР 09.04.2016 № 501-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-2-бап. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл

Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында:

1) баланың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына қатысты өтініштерді және баланың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың, кәсіпорындардың, олардыңлауазымды адамдарының шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарайды;

2) баланың бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін кедергісіз іске асыруға және қалпына келтіруге жәрдем көрсетеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;

4) білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау, қорғаныс, мәдениет және спорт жүйелерінің мемлекеттік органдары мен ұйымдарына, сондай-ақ кәмелетке толмағандар үсталатын қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне баруға кедергісіз қол жеткізеді;

5) баланың құқықтарымен айналысатын мемлекеттік және қоғамдық институттардың құжаттарына кедергісіз қол жеткізеді;

6) өзіне осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіктерді орындаиды.

Ескерту. 2-тaraу 7-2-баппен толықтырылды - ҚР 09.04.2016 № 501-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3-тaraу. БАЛАНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8-бап. Баланың денсаулық сақтауға құқығы

1. Әрбір баланың денсаулық сақтауға бұлжымас құқығы бар.

2. Мемлекет дени сау бала тууды қамтамасыз ету үшін ананың денсаулығын сақтау жөнінде жағдайлар жасайды.

3. Баланың денсаулық сақтауға құқығы:

- 1) баланың денсаулығын сақтау саласында Қазақстан Республикасының заңдарын қабылдау;
- 2) балалардың салауатты өмір салтын насихаттау және ынталандыру;
- 3) балалардың денсаулығын сақтау саласындағы ғылыми зерттеулерді мемлекеттік қолдау;
- 4) баланың, оның ата-анасының денсаулық жағдайына бақылау жасау және балалар ауруларының алдын алу;
- 5) білікті медициналық көмек көрсету;
- 6) баланың дені сау болып өсіп жетілуіне қажетті қолайлы қоршаған орта жасау;
- 7) балалар үшін сапасы тиісті дәңгейдегі тағам өнімдерінің өндірілуіне және сатылуына бақылау жасау арқылы қамтамасыз етіледі.

4. Мемлекет Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес балаларға тегін медициналық көмектің көлеміне кепілдік береді.

5. Баланың өміріне, денсаулығына және дене бітімі мен психикасының қалыпты өсіп-жетілуіне зиян келтіретін кез келген ғылыми тәжірибелер немесе өзге де эксперименттерге тыым салынады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Баланың даралық ерекшелікке және оны сақтауға құқығы

Әрбір бала туылғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тіркелуге тиіс. Туылған кезінен бастап оның аты, әкесінің аты және тегі, ұлты және азаматтығы болуына құқығы, ал Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда оларды сақтауға құқығы бар.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-бап. Баланың өмір сұруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы

1. Әрбір баланың өмір сұруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы бар.

2. Мемлекет баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз етеді, оны тәнін және (немесе) жаңын жәбірлеуден, адамдық қадір-қасиетін қатыгездікпен, дөрекілікпен қорлаудан, кемсітуден, жыныстық қатынас сипатындағы әрекеттерден, баланы қылмыстық іс-әрекетке және қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудан, және оны адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандығына қысым жасаудың өзге де түрлерінен қорғауды жүзеге асырады.

11-бап. Баланың сөз және ар-оқдан бостандығына, ақпаратқа, қоғамдық өмірге араласуға құқығы

1. Әрбір баланың сөз бостандығына және өз пікірін айтуда, ар-оқдан бостандығына, өзінің қоғамдық белсенділігін дамытуға, жасына сәйкес ақпарат алуға және оны таратуда, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ басқа да коммерциялық емес үйымдардың нысандарына және Қазақстан Республикасының заңдарымен рұқсат етілген бейбіт жиналыстарға өз еркімен қатысуға құқығы бар.

2. Мемлекеттік органдар балалардың жеке адами тұлғасын, олардың шығармашылық бейімділігін, әлеуметтік белсенділігін, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамытуды, олардың интеллектуалдық меншігін қорғауды, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауды, қоршаған табиғи ортаны, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауды өзіне мақсат тұтатын, қайырымдылықты жүзеге асыратын, мәдени және спорттық өмірге қатысуға тартатын, демалысты үйымдастыратын қоғамдық үйымдарға жәрдемдеседі.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 16.11.2015 № 403-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12-бап. Баланың қажетті тұрмыс деңгейіне құқығы

1. Әрбір баланың деңгейінде, психикасы мен жан дүниесінің толымды дамуы үшін қажетті тұрмыс деңгейі мен жағдайы болуға құқығы бар.

2. Мемлекет бұл жағдайлардың жасалуын әлеуметтік және экономикалық шаралар жүйесі арқылы қамтамасыз етеді.

13-бап. Баланың мүліктік құқықтары

1. Әрбір баланың заңмен белгіленген тәртіппен және мөлшерде өз ата-анасынан және отбасының басқа да мүшелерінен қаражат алуға құқығы бар. Балаға алименттер, жәрдемақылар және басқа да әлеуметтік төлемдер ретіндегі тиесілі сомалар ата-анасының (олардың орнындағы адамдардың) билік етуіне келіп түседі және олар баланы күтіп-бағуға, оған білім беруге және оны тәрбиелеуге жұмсалады.

2. Әрбір баланың заңдарда белгіленген тәртіппен өз бетінше немесе өзінің заңды өкілдері арқылы мәмілелер жасауға, банктерде салымы болуға және жалақысына, стипендиясына немесе өзге де кірістеріне және интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне билік етуге, өзге де мүліктік құқықтарды иемденіп алуға және оларды жүзеге асыруға құқығы бар.

Ата-аналар немесе заңды өкілдер баланың жәрдемақысын немесе материалдық көмек ретінде мемлекет бөлгөн ақшалай қаражатты баланың атына банкке салуға құқылы.

3. Әрбір баланың өзі тапқан табысқа, өзі сыйға немесе мұра ретінде алған мүлікке, сондай-ақ баланың қаражатына сатып алынған басқа да кез келген мүлікке меншік құқығы бар.

Өз еңбегімен табыс табатын бала, егер ол ата-анасымен бірге тұратын болса, отбасын асырауға жұмсалатын шығындарды бөлісуге қатысуға құқылы.

Баланың өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлікке билік ету құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарымен айқындалады.

14-бап. Баланың тұрғын үйге құқығы

1. Әрбір баланың Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үйге құқығы бар.

2. Білім беру үйымдарындағы, медициналық және басқа да үйымдардағы, оның ішінде қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін үйымдардағы, қорғанышлықтағы немесе қамқорышлықтағы, патронаттық тәрбиедегі жетім бала, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын сақтайды, ал құқығы болмаған жағдайда олардың Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй алуға құқығы бар.

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй жетім балаларда, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларда олар білім беру үйымдарында, медициналық және басқа да үйымдарда, оның ішінде қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін үйымдарда, қорғанышлықта немесе қамқорышлықта, патронаттық тәрбиеде болған кезеңде олар кәмелетке толғанға дейін сақталады.

3. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, оның ішінде жетім балаларды оларға басқа тұрғын үй берілмейінше, тұрып жатқан тұрғын үйінен шығаруға болмайды.

4. Осы баптың 2-тармағында аталған балалардың тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын сақтауды жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді.

5. Он төрт жасқа толмаған жетім баланың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың тұрғын үйін иеліктен шығару, оның ішінде айырбастау немесе сыйға тарту бойынша мәмілелер жасауға немесе олардың атынан кепілгерлік шартын, тұрғын үйді өтеусіз пайдалануға тапсыру немесе кепілге қою бойынша мәмілелер, заң жүзінде, өснег бойынша оларға тиесілі мұрагерлік құқықтардан бас тартуына, олардың тұрғын үйін бөлуге немесе одан үлес бөліп алуға әкеп соқтыратын мәмілелер жасасуға жол берілмейді.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 126-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14-1-бап. Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтауды қамтамасыз ету

1. Жергілікті атқарушы органдар:

1) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін есепке алууды жүргізеді және оның сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

2) жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қорғанышлыққа немесе қамқорышлыққа, патронаттық тәрбиелеуге, білім беру үйымдарына, медициналық және басқа да үйымдарға орналастырылғанға дейін олардың тұрғын үйін сақтауды қамтамасыз етеді;

3) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйіне қорғаншылық белгілейді.

2. Баланың заңды өкілдері жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтауды қамтамасыз етеді.

Баланың заңды өкілдері қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның келісімімен, жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін үлгі шарт негізінде жалдауға (қосымша жалдауға) бере алады.

Тұрғын үйді жалдау (жалға алу) шарты бойынша алынған ақша жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың банктік шотына есептелуге жатады.

Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау қағидалары:

1) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін есепке алу ;

2) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйіне қорғаншылық белгілеу;

3) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін жалдауға (жалға) тапсыру;

4) баланың заңды өкілдерінің жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау жөніндегі міндеттерді орындауды бақылауды жүзеге асыру тәртібін қамтиды.

3. Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдары және баланың заңды өкілдері жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау жөніндегі міндеттерді орындағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады .

Ескерту. Заң 14-1-баппен толықтырылды - КР 04.07.2013 № 126-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15-бап. Баланың білім алуға құқығы

1. Әрбір баланың білім алуға құқығы бар және Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына сәйкес оған тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім туралы

негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуға кепілдік беріледі.

2. Тегін жалпы орта білім немесе техникалық және кәсіптік білім алғанға дейін баланы мемлекеттік білім беру мекемесінен шығару, шығарудың жалпы тәртібін сақтаумен қатар тек қорғаныш және қамқоршы органдарды хабардар ете отырып қана жүргізілуі мүмкін.

3. Арнаулы педагогикалық тәрбиені қажет ететін кемтар балаларға мемлекеттік бюджеттен белгіленген стандарттар деңгейінде олардың білім алуына кепілдік беретін қосымша қаражат береді.

4. Мемлекет балалардың білім алу кезеңінде әлеуметтік қорғауды қажет ететіндерінің күтіп-бағу шығынын толық немесе ішінара көтереді. Олардың білім алу кезеңінде әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қаранды) Заңымен.

16-бап. Баланың еңбек бостандығына құқығы

1. Әрбір баланың еңбек бостандығына, қызмет және кәсіп түрлерін еркін таңдауға құқығы бар.

2. Балалар он төрт жастан бастап, ата-аналарының рұқсатымен оқудан бос кезінде денсаулығына және өсіп-жетілуіне оңтайлы, баланың дene бітіміне, имандылығына және психикалық жай-күйіне зиян келтірмейтін қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуға, сондай-ақ мамандық алуға құқығы бар. Бұл құқықты халықты еңбекпен қамту қызметі мен жергілікті мемлекеттік басқару органдары қамтамасыз етеді.

3. Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлермен еңбек шартын жасасу және оны бұзыу тәртібі және олардың еңбегін реттеудің басқа да ерекшеліктері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленеді.

4. Баланы оның денсаулығына қауіп төндіруі немесе білім алуына кедергі келтіруі не оның денсаулығына және дene бітімі, ақыл-ойы, рухани, моральдық және әлеуметтік жағынан дамуына нұқсан келтіруі мүмкін кез келген жұмысты орындауға қабылдауға немесе тартуға тыйым салынады.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.05.15 № 253, 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-1-бап. Баланың экономикалық қанаудан қорғалу құқығы

Әрбір баланың экономикалық қанаудан қорғалуға құқығы бар.

Ескерту. Заң 16-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Баланың мемлекеттік көмекке құқығы

1. Мемлекеттік көмек оны алуға құқығы бар әрбір балаға тағайындалады. Мемлекеттік көмектің мөлшері және оны көрсетудің шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

2. Ата-анасының қамқорлығының қалған балалар, оның ішінде жетім балалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес толық мемлекеттік қамсыздандырылуда болады.

3. Мемлекеттік органдар ата-анасының қамқорлығының қалған әрбір балаға, қорғаншылық немесе қамқоршылық нысанына қарамастан, бірдей материалдық және өзге де жағдайларды қамтамасыз етеді.

18-бап. Мемлекеттік ең тәменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеу

1. Балалардың мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат мемлекеттік ең тәменгі әлеуметтік стандарттар негізінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік ең тәменгі әлеуметтік стандарттар әлеуметтік қызмет көрсетулер бойынша белгіленген ең тәменгі көлемде мыналарды:

1) мемлекеттік білім беру тапсырысина сәйкес кепілдік берілген, жалпыға бірдей қолжетімді тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім мен конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беруді;

2) балаларға тегін медициналық қызмет көрсетуді, оларды тамақтандырудың ең тәменгі нормаларына сәйкес тамақтандыруды қамтамасыз етуді;

3) он бес жасқа толған балалардың кәсіби бағдарлау, қызмет саласын таңдау, жұмысқа орналасу, еңбегінің қорғалу, еңбегіне ақы төлену құқығын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен кепілді қамтамасыз етуді;

4) балаларға әлеуметтік қызмет көрсету, оларды әлеуметтік қорғау, соның ішінде туылуы мен тәрbiеленуіне байланысты, балалары бар азаматтарға мемлекеттік жәрдемақы төлеу жолымен кепілді материалдық қолдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ өмірлік қызын ахуалға тап болған балаларды әлеуметтік бейімдеу және әлеуметтік оңалту жөніндегі шараларды;

5) Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңдарына сәйкес тұрғын үйге құқығын қамтамасыз етуді;

6) балаларды сауықтыру мен олардың демалысын үйымдастыруды, соның ішінде төтенше жағдайларда, сондай-ақ экологиялық жағынан қолайсыз және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сондай деп танылған аумақтарда тұратын балаларды сауықтыруды үйымдастыруды;

7) білікті заң көмегін көрсетуді қамтиды.

3. Мемлекеттік ең тәменгі әлеуметтік стандарттар олардың өмір сүру жағдайларындағы аймақтық айырмашылықтар ескеріле отырып айқыналады. Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқарудың органдары қосымша әлеуметтік стандарттар белгілей алады.

4. Тиисті білім беру үйымдарындағы, арнаулы оқу-тәрбие үйымдарындағы, денсаулық сақтау, әлеуметтік қызмет көрсету үйымдарындағы немесе өзге де мекемелер мен үйымдардағы балалардың өздеріне ұсынылған қызмет көрсетулердің мемлекеттік ең тәменгі әлеуметтік стандарттарға сәйкестігін мезгіл-мезгіл бағалап отыруға құқығы бар.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қарағыз) Занымен.

19-бап. Баланың дем алуға және бос уақытын пайдалануға құқығы

1. Әрбір бала өзінің жасына, денсаулығына және қажеттеріне қарай демалуға және бос уақытын пайдалануға құқылы.

2. Ата-анаstry немесе олардың орнындағы адамдар өздерінің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес баланың күтілуі мен жан-жақты дамуына қажетті өмірлік жағдайларды қамтамасыз етеді.

3. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес балалардың сауықтыру, спорт, шығармашылық және бос уақытын пайдаланатын өзге де үйымдарын, лагерьлер мен санаторийлерді құрады және оларды қолдап отырады.

4. Мемлекет балалардың демалуға, сауығуға және бос уақытын пайдалануға құқығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

5. Балалардың сауықтыру, спорт, шығармашылық және бос уақытты өткізетін өзге де үйымдарында, лагерьлері мен санаторийлерінде құдайға құлшылық етуді, діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуғе, сондай-ақ діни ілімдерді таратуға бағытталған іс-әрекеттерге жол берілмейді.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.10.11 № 484-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қарағыз) Зандарымен.

20-бап. Баланың міндеттері

Әрбір бала Қазақстан Республикасының Конституциясын және зандарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандығын, ар-ојданы мен қадір-қасиетін, Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге, еңбекке жарамсыз ата-анастына қамқорлық жасауға, тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қам-қарекет жасауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға, табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарға ұқыпты қарастауға міндетті.

4-тaraу. БАЛА ЖӘНЕ ОТБАСЫ

21-бап. Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы

Баланың мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, әрбір баланың отбасында өмір сүрге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-анасын және басқа да жақын туыстарын білуге құқығы, олардың қамқорлығы мен тәрбиесін алуға құқығы бар.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-бап. Баланың отбасындағы құқықтары

Әрбір бала отбасында Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарында белгіленген жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтарға ие.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23-бап. Бала тәрбиелеп отырған отбасыларына мемлекеттік қолдау

Мемлекет бала тәрбиелеп отырған отбасыларына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әлеуметтік көмек беру арқылы қолдау көрсетеді.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24-бап. Ата-анасының баланы тәрбиелеу, күтіп-бағу және асырау жөніндегі міндеті

1. Ата-анасы немесе басқа да заңды өкілдері өздерінің қабілеті мен қаржы мүмкіндіктері шегінде баланың жан-жақты дамуы үшін қажетті жағдай жасауға міндетті.

2. Ата-анасы баланы тәрбиелеуге, оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан қолдап, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үймен қамтамасыз етуге міндетті.

25-бап. Баланың ата-анасымен бірге тұру құқығы

1. Баланың өз ата-анасымен немесе басқа да заңды өкілдерімен бірге тұруға құқығы бар.

2. Баланың, ата-анасының немесе заңды өкілдерінің ықтиярыныз баланы ата-анасынан немесе заңды өкілдерінен айыруға тыым салынады. Оларды айыру туралы шешімді ерекше жағдайларда және баланы қорғау мақсатында қандай дәрежеде қажет болуына қарай сот қана қабылдайды.

3. Ата-анасы бір-бірінен бөлек тұрған жағдайда баланың тұратын жері ата-анасының келісімімен, ал ол болмаған жағдайда, ата-аналар арасындағы дау сот арқылы шешіледі. Бұл орайда сот бала ата-анасының жеке қасиеттері мен жағдайларын, сондай-ақ баланың мүдделері мен пікірін ескереді.

26-бап. Баланың өзінен бөлек тұратын ата-анасымен қарым-қатынас жасау құқығы

1. Баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жағдайлардың болуын қоспағанда, баланың өзінен бөлек тұратын ата-анасы туралы ақпарат алуға, олармен кездесіп, араласып тұруға құқығы бар.

2. Бала құқығын шектеуге байланысты туындаған, осы бапта көзделген даулар сот тәртібімен шешіледі.

5-тарау. АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

27-бап. Қорғаншылық, қамқоршылық, патронат және баланы қабылдайтын отбасы

1. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаға қорғаншылық, қамқоршылық немесе патронат белгіленеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарының қорғалуы үшін ол баланы қабылдайтын отбасына берілуі мүмкін.

2. Жасы он төртке толмаған балаларға қорғаншылық белгіленеді, ал он төрттен бастап он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға қамқоршылық белгіленеді.

3. Жергілікті атқарушы органдар қорғаншылық және қамқоршылық органдары болып табылады.

4. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, оның ішінде тәрбиелеу, емдеу немесе басқа да мекемедегі балаға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес патронат белгіленуі мүмкін.

5. Тәрбиелеу мекемесіндегі жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес баланы қабылдайтын отбасына берілуі мүмкін.

6. Аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары) бар балаға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленген жағдайда, олардың бірге тұруы үшін жағдай жасалады.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - ҚР 09.04.2016 № 501-V Занымен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

28-бап. Бала асырап алу

Отбасында өсіріп-жетілдіру мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасау мақсатында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырап алуға берілуі мүмкін.

28-1-бап. Бала қонақтайтын отбасы

Барлық үлгідегі (білім беру, медициналық және басқа да) ұйымдардағы жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар білім беру процесіне байланысты емес кезеңдерде (каникулдар, демалыс және мереке күндері) бала қонақтайтын отбасыларға берілуі мүмкін.

Ескерту. 5-тарау 28-1-баппен толықтырылды - ҚР 09.04.2016 № 501-V Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

29-бап. Баланы тәрбиелейтін, емдейтін және сол сияқты өзге де мекемелерде күтіп-бағу мен тәрбиелеу

1. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала, оны отбасында тәрбиелеуге беруге мүмкіндік болмаған жағдайда, тәрбиелейтін, емдейтін немесе сол сияқты өзге де балалар мекемелеріне орналастырылуға тиіс.
2. Балаға тиесін алимент, жәрдемақы және басқа әлеуметтік төлемдер оның банк шотына аударылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен төленеді.
3. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған тәрбиелейтін, емдейтін және сол сияқты өзге де мекемелердегі балаға отбасылық тәрбиеге жақындастылған жағдай жасалады. Баланың күтіп-бағуды пайдалануға, тәрбие, білім алуға, жан-жақты дамуға, ар-ожданы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне, өз мүдделерінің қамтамасыз етілуіне, ана тілінің, мәдениетінің, ұлттық әдет-ғұрпы мен дәстүрінің сақталуына құқығы бар.
4. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тәрбиеленетін, емделетін және сол сияқты өзге де мекемелердің аталған мекемелердегі балаларға қатысты педагогикаға жат немесе азғындық әрекеттер жасаған қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

5. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған тәрбиелейтін, емдейтін және соған ұқсас басқа да мекемелердегі баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауды, оның жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айрылған жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңдарына сәйкес пайдалануға мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беріледі.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.11. № 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

30-бап. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияны жүзеге асыратын ұйымдар

1. Балалар үйлеріне туғаннан бастап үш жасқа дейінгі жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қабылданады. Балаларды Балалар үйінде уақытша күтіп-бағу үшін арнаулы бөлімше ашылады.

Мамандандырылған Балалар үйлеріне туғаннан бастап төрт жасқа дейінгі, психикасының және деген бітімінің дамуында кемістігі бар балалар қабылданады.

Арнаулы білім беру ұйымдарына он бір жастан бастап он сегіз жасқа дейінгі, мінез-құлқы ауытқымалы балалар орналастырылады.

Интернаттық ұйымдарға үш жастан бастап он сегіз жасқа дейінгі жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қабылданады.

Жалпы үлгідегі жалпы білім беретін мектеп-интернатқа жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ күн көрісі төмен және көп балалы отбасылардың алты

жастан бастап он сегіз жасқа дейінгі, осы үлгідегі үйымдарда күтіп-бағылуға қайшы келетін медициналық көрсеткіштері жоқ балалар қабылданады. Интернаттық үйымдар кәмелетке толмағандарға тұратын орын бере отырып, тәрбиелеуге, білім беруге және күтіп-бағуға мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз етеді.

Ақыл-есі кем балаларға арналған интернат-үйлерге төрт жастан бастап он сегіз жасқа дейінгі, күтіп-бағуды, медициналық, тұрмыстық қызмет көрсетуді және әлеуметтік-еңбекке бейімделуді қажет ететін балалар қабылданады.

Отбасы үлгісіндегі балалар ауылдарына он сегіз жасқа дейінгі жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қабылданады. Балаларды отбасы үлгісіндегі балалар ауылдарына қабылдаудың және оларды күтіп-бағу жағдайының тәртібі Қазақстан Республикасының отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы заңнамасымен айқындалады.

Балалар ауылы, балалар үйі, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернат әкімшілігінің шешімі негізінде Жасөспірімдер үйінде, психоневрологиялық аурулары бар адамдарды қоспағанда, он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері әлеуметтік бейімделуден өте алады.

Жергілікті атқаруыш органдардың шешімі негізінде дербес заңды тұлға ретінде жұмыс істейтін Жасөспірімдер үйінде, психоневрологиялық аурулары бар адамдарды қоспағанда, он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері әлеуметтік бейімделуден өте алады.

Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына қадағалаусыз және қараусыз қалған үш жастан бастап он сегіз жасқа дейінгі балалар олардың ата-аналарын немесе басқа заңды өкілдерін анықтау үшін қабылданады.

"Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылған көмек көрсету жөніндегі үйымдарға әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарau салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар қабылданады.

2. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын үйымдарға балаларды қабылдау және оларды күтіп-бағу талаптары, осы Заңмен белгіленбеген бөлігінде, Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген орган бекіткен осы үйымдар туралы ережемен айқындалады.

3. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын үйымдардың тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуына байланысты құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы қолданылмайды.

Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын үйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидаларын Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындейды.

Ескерту. 30-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.29 № 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.26 № 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 18.02.2014 № 175-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 501-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

6-тарау. МҮГЕДЕК БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

31-бап. Мүгедек баланың толымды өмірге құқықтары

1. Мүгедек баланың қоғам өміріне белсene араласуына ықпал ететін өз қадір-қасиетін қамтамасыз ету жағдайындағы толымды өмірге дені сау балалармен бірдей құқығы бар.

2. Мүгедек бала өзінің дене бітіміне, ақыл-ес қабілетіне және тілегіне сай білім алуға, қызмет түрі мен кәсіпті таңдауға, шығармашылық және қоғамдық қызметтерге қатысуға құқылы.

3. Ақыл-есінің немесе дене бітімінің дамуында кемістігі бар балаларды қоса алғанда, мүгедек балалар мамандандырылған балалар үйымдарында медициналық-әлеуметтік көмек алуға құқылы.

32-бап. Мүгедек баланы жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік кепілдіктер

1. Мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүгедек баланың денсаулық жағдайын, қажеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оны оқыту, кәсіптік даярлау, лайықты жұмыс тауып беру және жұмысқа орналастыру үшін қажетті жағдайлар жасауға міндетті.

2. Мүгедек балалардың жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету, оларды кәсіби даярлау мен қайта даярлауды үйымдастыру жөніндегі қызметті жеке жұзеге асыратын және заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен жеңілдіктер белгіленуі мүмкін.

33-бап. Мүгедек балаларға мемлекеттік көмек

1. Мемлекет мүгедек балаларды қолдауға бағытталған медициналық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық шаралар кешенін жұзеге асырады.

2. Мүгедек балаларға көрсетілетін мемлекеттік көмек Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

3. Мүгедек балаларды тәрбиелеуші және оларды күтіп-бағуды жұзеге асыруыш ата-аналардың және басқа да заңды өкілдердің мемлекеттік көмек алуға құқығы бар.

7-тарау. БАЛА ЖӘНЕ ҚОҒАМ

34-бап. Ұлттық және әлемдік мәдениетке баулу

1. Мемлекет балалардың Қазақстан халқының тарихымен, дәстүрлерімен, рухани қазыналарымен және әлемдік мәдениет жетістіктерімен танысуына мүмкіндік жасайды.

2. Мемлекет балалардың шығармашылық және ғылыми қабілетін дамыту үшін ұйымдар құруды, кино және бейнефильмдер, теледидар және радио хабарларын шығаруды, балаларға арналған газеттер, журналдар, кітаптар басып шығаруды көтермелейді, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оларға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

3. Порнографияны, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты дәріптейтін, адамның қадір-қасиетін қорлайтын, балаларға зиянды әсер ететін және құқық бұзушылыққа ықпал ететін бұқаралық ақпарат құралдарын, әдебиетті, ойын-сауық және басқа іс-шараларды пайдалану заң бойынша қудаланады.

35-бап. Бала және дін

1. Мемлекет баланың ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың діни дүниетанымына негізделген тәрбиеге араласпауға, білім беру, тәрбиелеу, емдеу ұйымдарының және өзге де сол сияқты мекемелердің шегінен тыс жерлерде баланың қатысуымен діни жоралардың жасалуына, аталған әрекеттер баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, оның құқығын бұзатын және жауапкершілігін шектейтін жағдайларды қоспағанда, кепілдік береді.

2. Кәмелеттік жасқа толмаған балаларға қатысты діни жоралар ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың келісімімен жасалады. Балаларды дінге тарту жөніндегі мәжбүрлеу шараларына жол берілмейді.

36-бап. Баланы әлеуметтік ортаның теріс ықпалынан қорғау

1. Мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар баланы оның денсаулығына, имандылық жағынан және рухани дамуына зиян келтіретін әлеуметтік ортаның, ақпараттың, насиҳат пен үгіттің теріс ықпалынан қорғауға міндетті.

2. Салауатты өмір салтын насиҳаттау мен балаға құқықтық білім беруді мемлекет өз саясатының басым бағыттарының бірі деп таниды.

3. Қылмыстық құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың немесе өзге де заңсыз әрекеттің салдарынан тән немесе жан жарақатын алған балаға денсаулығын қалпына келтіру және әлеуметтік бейімделу үшін қажетті көмек көрсетілуге тиіс.

4. Баланың заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз тұнгі уақытта (сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін) ойын-сауық мекемелерінде болуына, сол сияқты онда жіберілуіне тыйым салынады.

5. Заңды өкілдері еріп жүрмеген баланың тұрғын жайынан тыс жерлерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуына тыйым салынады.

Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10 № 176-IV, 2010.12.29 № 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

37-бап. Баланы алкогольді өнімдер мен темекі бұйымдарының зиянды әсерінен қорғау

1. Баланың ата-анасы, басқа да заңды өкілдері, мемлекеттік органдар, сондай-ақ баланы тәрбиелу мен оған білім беру функциясын жүзеге асыратын үйымдар салауатты өмір салтын және алкогольді өнімдер мен темекі бұйымдарының зиянды екенін насихаттауға міндettі.

2. Балаға алкоголь өнімін, темекіні және темекі бұйымдарын сатуға тыйым салынады.

3. Алкогольді өнімдер мен темекі бұйымдарын өндіруде немесе сатуда бала еңбегін пайдалануға тыйым салынады.

4. Балалар тауарларын сататын сауда үйымдарында және мәдениет мекемелерінде, сондай-ақ балаларға арналған іс-шараларды жүргізу кезінде шылым шегуге, темекі бұйымдарын сатуға тыйым салынады.

5. Денсаулық сақтау, білім беру үйымдарының, дene шынықтыру-сауықтыру, спорттық және спорттық-техникалық құрылыштардың, мәдени-демалыс үйымдарының ғимараттарында және аумақтарында алкоголь өнімін сақтауға және өткізуге тыйым салынады.

Ескерту. 37-бапқа өзгеріс енгізілді - 18.06.2014 № 210-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

38-бап. Баланы есірткі, психотроптық заттардан, сол тектестерден, күшті әсер ететін немесе улы заттардан қорғау

1. Бала есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, күшті әсер ететін немесе улы заттарды тұтынудан, оларды дайындаудан, сатудан немесе өзге де таратудан қорғалуға тиіс.

2. Баланы есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуға тартқаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылық шаралары қолданылады.

Ескерту. 38-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2014 № 227-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

39-бап. Баланы оның денсаулығына, имандылық және рухани жағынан дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау

Ескерту. 39-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Балаларға арнап нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік және діни өшпендейлікті өршітуге бағытталған, тектік-топтық ерекшелікті, соғысты насихаттайтын, конституциялық құрылышты күштеп өзгертуге және Қазақстан Республикасының аумақтық тұастығын бұзуға шақыратын үндеулері, порнографиясы бар немесе баланың рухани және имандылық жағынан дамуына өзгеше зиян келтіретін ойыншықтарды, кинофильмдерді, дыбыс- және бейнеказбаларды көрсетуді, сатуды, сыйға тартуды, көбейтуді және прокатқа беруді жүзеге асыруға, әдебиеттерді, газеттерді, журналдарды және басқа бұқаралық ақпарат құралдарын таратуға тыйым салынады.

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған әрекеттердің жасалғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылық шаралары қолданылады.

40-бап. Баланы жезөкшеліктен қорғау

Баланы жезөкшелікпен айналысуға тарту Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 40-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

40-1-бап. Баланы оның денсаулығына, имандылық және рухани жағынан дамуына зиян келтіретін өнімдер айналымына тарту іс-әрекеттерінен қорғау

Баланы порнографиялық сипаттағы, сондай-ақ эротикалық мазмұндағы баспа басылымдарын, кино немесе бейнематериалдарды, бейнелерді, өзге де заттарды не материалдарды дайындауға, жарнамалуға, көпшілік алдында көрсетуге немесе таратуға тарту, сол сияқты оларды балаға сату Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. Заң 40-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

41-бап. Баланы соғыс қимылдарына қатыстыруға тығым салу

Баланы соғыс қимылдарына, қарулы жанжалдарға тартуға, балалардың әскерилендірілген құрамаларын құруға тығым салынады.

41-1-бап. Баланы заңсыз алып кетуден қорғау

Қазақстан Республикасы, орындалу мақсаттарына, нысандары мен әдістеріне қарамастан, балаларды заңсыз алып кетудің, үрлап әкетудің, олармен сауда жасаудың алдын алу және жолын кесу, сондай-ақ оларды тұрақты тұратын еліне қайтару жөнінде шаралар қабылдайды.

Ескерту. Заң 41-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-тaraу. БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖӘНЕ ЗАҢМЕН КОРҒАЛАТЫН МҮДДЕЛЕРИН ҚОРҒАУ

42-бап. Баланы заңсыз алып кетуден қорғау

Ескерту. 42-бап алынып тасталды - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

43-бап. Баланың заңды өкілдері

1. Баланың заңды өкілдері барлық мемлекеттік органдар мен үйімдарда, оның ішінде соттарда кез келген тұлғамен қарым-қатынаста, арнайы өкілеттіксіз баланың (немесе баланы асырап алуы) туралы куәлігі, ата-аналарының паспорты, қорғанышының жеке басының куәлігі негізінде балаларға өкілдік етуді және олардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды жүзеге асырады .

2. Қазақстан Республикасының заңдарында кәмелетке толмағандардың дербес азаматтық, неке-отбасылық, еңбек және өзге де құқықтық қатынастарға түсү және өз құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы көзделген жағдайларды қоспағанда, он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін олардың заңды өкілдері қорғайды.

3. Тәрбиелеу, емдеу үйымдарындағы, халықты әлеуметтік қорғау үйымдарындағы балаларға өкілдік ету мен олардың мүдделерін қорғауды осы үйымдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға өкілдік ету мен оның құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау уақытша, баланы отбасына немесе балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияны жүзеге асыруши үйимфа орналастырғанға дейін қорғаншылық, және қамқоршылық органына жүктеледі.

44-бап. Мемлекеттік органдар және баланың құқықтарын қорғау

Балалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды өздерінің өкілеттіктеріне сәйкес мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

45-бап. Осы Заңды орындау кезінде дауларды шешу тәртібі

Ескерту. 45-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ата-аналар (олардың орнындағы адамдар), сондай-ақ балаға білім беру, оны тәрбиелеу, дамыту, оның денсаулығын сақтау, оны әлеуметтік қорғау мен оған әлеуметтік қызмет көрсету, оның әлеуметтік бейімделуіне, әлеуметтік оқалуына жәрдемдесу жөніндегі қызметті және (немесе) ол қатысатын өзге де қызметті жүзеге асыратын адамдар Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіпте, баланың денсаулығына, мүлкіне келтірілген зиянды, сондай-ақ моральдық зиянды өтеу туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

46-бап. Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы мемлекеттік баяндама

Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы жыл сайынғы мемлекеттік баяндаманы балаларды қорғау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады және ол ресми баспа басылымдарында жарияланады.

Ескерту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

47-бап. Босқын және амалсыз қоныс аударушы балалардың құқықтарын қорғау

1. Босқын және амалсыз қоныс аударушы балалардың өз мүдделерінің қорғалуына құқығы бар.

2. Баланың тұрып жатқан жеріндегі қорғаншы және қамқоршы органдар, босқындар мәселелері жөніндегі қатынастарды реттеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның аумақтық

бөлімшелері ата-анасының не өзге де заңды өкілдерінің бар-жоқ екендігі және тұратын жері туралы мәліметтер алуға жәрдемдеседі, қажет болған жағдайда баланы емдеу-профилактикалық немесе бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын өзге де үйымдарға орналастырады.

Ескерту. 47-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

47-1-бап. Ұлттық алдын алу тетігі

1. Ұлттық алдын алу тетігі ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметі арқылы жұмыс істейтін, азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жүйесі түрінде қолданылады.

2. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары өз қызметі шенберінде кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында, арнаулы білім беру үйымдарында, ерекше режимде ұстайтын білім беру үйымдарында және осы қатысушылардың болуы (бұдан әрі – алдын ала болу) үшін Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын өзге де үйымдарда болады.

3. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, сондай-ақ Үйлестіру кеңесі іріктейтін, азаматтардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қоғамдық байқаушы комиссиялардың және қоғамдық бірлестіктердің мүшелері, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлер ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары болып табылады.

4. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметін үйлестіреді, ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қажетті әлеуеті мен кәсіптік білімін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қолданады.

5. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу бойынша шығыстарын өтеву Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

Ескерту. Заң 47-1-баппен толықтырылды - ҚР 02.07.2013 № 111-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47-2-бап. Үйлестіру кеңесі

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қызметін тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жаңынан Үйлестіру кеңесі құрылады.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қоспағанда, Үйлестіру кеңесінің мүшелерін Адам құқықтары жөніндегі уәкіл құратын комиссия Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан сайлайды.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл:

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жаңындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережені;

ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларын іріктеу тәртібін;

алдын ала болу үшін ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан топтар құру тәртібін;

алдын ала болу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды;

алдын ала болу қорытындылары бойынша жыл сайынғы жинақталған баяндаманы дайындау тәртібін бекітеді.

3. Үйлестіру кеңесі Біріккен Ұлттар Ұйымы Азаптауға қарсы комитетінің Азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі кіші комитетімен өзара іс-қимыл жасайды.

Ескерту. Зан 47-2-баппен толықтырылды - ҚР 02.07.2013 № 111-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47-3-бап. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларына қойылатын талаптар

1. Мынадай:

1) занда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар;

2) қылмыс жасады деп күдік келтірілген немесе айыпталған;

3) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар;

4) судьялар, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер және әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері;

5) психиатрда және (немесе) наркологта есепте тұратын адамдар ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары бола алмайды.

2. Қасақана қылмыс жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған; теріс себептер бойынша мемлекеттік немесе әскери қызметтен, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған; адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айырылған адамдар да ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары бола алмайды.

Ескерту. Зан 47-3-баппен толықтырылды - ҚР 02.07.2013 № 111-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47-4-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының құқықтары

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы:

1) алдын ала болуға жататын үйымдарда ұсталатын адамдардың саны, осында үйымдардың саны және олардың орналасқан жері туралы ақпарат алуға;

- 2) алдын ала болуға жататын үйымдарда ұсталатын адамдармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ оларды ұсташа жағдайларына қатысты ақпаратқа қол жеткізе алуға;
 - 3) алдын ала болуды құрылған топтардың құрамында белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға;
 - 4) алдын ала болуға жататын үйымдарда ұсталатын адамдармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен куәларсыз, жеке өзі немесе қажет болған кезде аудармашы арқылы, сондай-ақ ұлттық алдын алу тетігі қатысушының пікірі бойынша тиісті ақпарат бере алатын кез келген басқа адаммен әңгімелесулер өткізуге;
 - 5) алдын ала болуға жататын үйымдарды кедергісіз таңдауға және оларда болуға;
- 6) азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы хабарламалар мен шағымдарды қабылдауға құқылы.

2. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы заңды қызметін жүзеге асырған кезде тәуелсіз болып табылады.

Ескерту. ЗАң 47-4-баппен толықтырылды - КР 02.07.2013 № 111-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47-5-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының міндеттері

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары өз өкілеттіктерін атқару кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті.
2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болуға жататын үйымдардың қызметіне араласуына жол берілмейді.
3. Алдын ала болу жөніндегі топқа кіретін ұлттық алдын алу тетігі қатысушының тұрашылдығына күмән туғызатын мән-жайлар болған кезде, ол алдын ала болуға қатысудан бастартуға міндетті.
4. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы қабылданатын хабарламалар мен шағымдарды Адам құқықтары жөніндегі уәкіл айқындастын тәртіппен тіркеуге міндетті.

Қабылданған хабарламалар мен шағымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қарауына беріледі.

Қабылданған және берілген хабарламалар мен шағымдар туралы ақпарат алдын ала болу нәтижелері жөніндегі есепке енгізіледі.

5. Осы Заңың ережелерін бұзған үлттық алдын алу тетігінің қатысушылары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Ескерту. Заң 47-5-баппен толықтырылды - ҚР 02.07.2013 № 111-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47-6-бап. Үлттық алдын алу тетігі қатысушысының өкілеттіктерін тоқтату

Үлттық алдын алу тетігі қатысушысының өкілеттіктері:

1) осы Заңың ережелері бұзылған;

2) өз өкілеттіктерін доғару туралы жазбаша өтініш берілген;

3) ол қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі занды күшіне енген ;

4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;

5) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;

6) соттың айыптау үкімі занды күшіне енген;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар басталған кезде тоқтатылады.

Ескерту. Заң 47-6-баппен толықтырылды - ҚР 02.07.2013 № 111-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47-7-бап. Алдын ала болудың түрлері мен кезеңділігі

1. Үлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болуы мыналарға бөлінеді:

1) төрт жылда кемінде бір рет, ұдайы негізде жүргізілетін кезеңдік алдын ала болу;

2) алдыңғы кезеңдік алдын ала болу нәтижелері бойынша ұсынымдарды іске асыру мониторингі, сондай-ақ үлттық алдын алу тетігінің қатысушылары әңгімелесулер өткізген адамдарды алдын ала болуға жататын үйімдардың әкімшіліктері тараپынан қудалаудың алдын алу мақсатында кезеңдік алдын ала болулар аралығындағы кезеңде жүргізілетін аралық алдын ала болу;

3) азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы келіп түскен хабарламалардың негізінде жүргізілетін арнаулы алдын ала болу.

2. Үйлестіру кеңесі бөлінген бюджет қаражаты шегінде алдын ала болу мерзімдерін және алдын ала болуға жататын ұйымдардың тізбесін айқындайды.

Ескерту. ЗАң 47-7-баппен толықтырылды - ҚР 02.07.2013 № 111-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47-8-бап. Алдын ала болу тәртібі

1. Алдын ала болуды Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің келісуі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қағидаларға сәйкес Үйлестіру кеңесі ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышыларынан құратын топтар жүргізеді.

2. Алдын ала болу үшін топтар қыру кезінде ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының ешқайсысын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, түрғылықты жеріне қатысты себептер бойынша немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітуге болмайды.

3. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету алдын ала болуға жататын ұйымдардың әкімшілігіне жүктеледі. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының құқыққа сыйымсыз әрекеттері орын алған жағдайда, алдын ала болуға жататын ұйымдар әкімшілігінің басшысы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді жазбаша хабардар етеді.

4. Әрбір алдын ала болудың нәтижелері бойынша топтың атынан Үйлестіру кеңесі бекіткен нысанда жазбаша есеп жасалады, оған алдын ала болуды жүзеге асырған топтың барлық мүшелері қол қояды. Ерекше пікірі бар топ мүшесі оны жазбаша түрде ресімдейді және есепке қоса береді.

Ескерту. ЗАҢ 47-8-баппен толықтырылды - ҚР 02.07.2013 № 111-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47-9-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасы

1. Үйлестіру кеңесі ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасын олардың алдын ала болу нәтижелері бойынша есептерін ескере отырып дайындаиды.

2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасына:

уәкілетті мемлекеттік органдарға алдын ала болуға жататын ұйымдарда ұсталатын адамдармен қарым-қатынас жағдайларын жақсарту және азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалau түрлерінің алдын алу бойынша ұсынымдар;

Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар да енгізіледі.

Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасына өткен жылғы алдын ала болу жөніндегі қаржылық есеп қоса беріледі.

3. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасы қарау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберіледі және оны Үйлестіру кеңесі бекіткен күннен бастап

бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. ЗАң 47-9-баппен толықтырылды - ҚР 02.07.2013 № 111-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47-10-бап. Құпиялылық

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышылары алдын ала болу барысында адамның жеке өмірі туралы өздеріне белгілі болған мәліметтерді осы адамның келісуінсіз жария етуге құқылы емес.

2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының алдын ала болу барысында адамның жеке өмірі туралы өздеріне белгілі болған мәліметтерді осы адамның келісуінсіз жария етуі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. ЗАҢ 47-10-баппен толықтырылды - ҚР 02.07.2013 № 111-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47-11-бап. Үәкілетті мемлекеттік органдардың ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышыларымен өзара іс-қимылы

1. Мемлекеттік органдар және олардың лауазымды адамдары ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышыларына өздерінің заңды қызметін жүзеге асыруына жәрдем көрсетеді.

Бірде-бір мемлекеттік орган немесе лауазымды адам азаптауды және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерін қолдану фактілері туралы ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышыларына хабарлағаны үшін азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге құқылы емес.

Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының заңды қызметіне кедергі келтіретін лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

2. Үәкілетті мемлекеттік органдар ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасын алған күннен бастап үш ай ішінде Адам құқықтары жөніндегі уәкілді алынған баяндамаларды қарau нәтижелері бойынша қолданылған шаралар туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

3. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының алдын ала болу нәтижелері бойынша есептері негізінде Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды адамға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізууді не қылмыстық істі қозғау туралы өтінішхат беруге құқығы бар.

Ескерту. ЗАҢ 47-11-баппен толықтырылды - ҚР 02.07.2013 № 111-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-тарау. БАЛА ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ӘСЕР ЕТУДЕҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

48-бап. Бала жауапкершілігінің ерекшеліктері

1. Құқыққа қарсы әрекет жасаған бала Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар жаза түрін белгілеу кезінде баланың өмір сүру мен тәрбиелену жағдайын, психикалық даму деңгейін, жеке басының өзге де ерекшеліктерін, сондай-ақ оған жасы үлкен адамдардың ықпалын ескеруге тиіс.

49-бап. Баланың мінез-құлқына әсер етуудің ерекшеліктері

Ата-анасты және басқа да заңды өкілдері ата-аналық құқықтарын жүзеге асырған кезде баланың дene және психикалық денсаулығына, оның имандылық дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдерінде баланың адамдық қадір-қасиетіне менсінбей, қатал, дөрекі қарау, оны қорлау немесе қанау болмауға тиіс.

10-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

50-бап. Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңдарының бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Ата-аналардың (олардың орнындағы адамдардың) міндеттерін орындаудан жалтаруы, сондай-ақ міндеттерін тиісінше орынданмауы, ата-ананың перзентханадағы (оның бөлімшесіндегі) немесе балаларды емдеу мекемесіндегі баласынан бас тартуы, балаларды қадағалаусыз қалдыруы, оларға қатыгездікпен қарауы, оларды қанауы ата-аналық құқықтарынан айыруға немесе оларды ата-аналардың орнындағы адамдардан шектеуге әкеп соғады.

Баланы алып қойған кезден бастап балаға арналған жәрдемақы төлеу, сондай-ақ өзге де төлемдер соттың шешімі бойынша тоқтатылады.

3. Ата-ана (олардың орнындағы адамдар) балаларға арналған жәрдемақыларды және өзге де төлемдерді мақсатсыз пайдаланған жағдайда, егер бұл баланың мүдделеріне елеулі нұқсан келтірсе, әлеуметтік қорғау органдары, қорғаншы және қамқоршы органдар, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар немесе прокурор бала мүдделеріне орай оған негізсіз жұмсалған қаражатты өтеу туралы талап қояды. Сот арқылы өндірілген қаражат баланың банк шотына аударылады.

4. Ата-аналық құқықтарынан айырылған ата-ана ата-аналық құқықтарынан айырылуына қатысты балаларға алименттер төлеу жөніндегі міндеттерден босатылмайды.

Ескерту. 50-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.11. № 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

51-бап. Үәкілетті органның Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңдарының сақталуын іске асыруды үйлестіруі

Балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіледі.

Балалар құқықтарын қорғау саласындағы орталық уәкілетті орган:

1) бала құқықтарын қорғау саласындағы басқа мүдделі уәкілетті органдардың қызметін үйлестіреді және бағыттайты;

1-1) баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

1-2) баланың құқықтарын қорғау саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

2) алғып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) балалар өмірі көрсеткіштерінің ең тәменгі әлеуметтік стандарттарын, нормалары мен нормативтерін жақсарту жағына қарай жыл сайын қайта қарауды қамтамасыз етеді;

4) балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органдардың халықаралық ынтымақтастық ісіндегі қызметін үйлестіреді.

Ескерту. 51-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңдарымен.

52-бап. Баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған және оны уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

2. Жеке және заңды тұлғалардың баланың құқықтарын іске асыруға бағытталған қызметі баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау объектісі болып табылады.

3. Баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

4. Тексеру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.
Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 52-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

53-бап. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру

Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіруді Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының
Президенті